ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
ДЕПАРТАМЕНТІ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
20 18 ж. "02" тамыз
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 060840006117
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ
2006 ж. "29" тамыз

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2018 жылғы 17 шілдедегі
№ 205 қаулысымен бекітілді

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Өнер колледжі – музыкалық эстетикалық бейіндегі дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

ЖАРҒЫСЫ

Петропавл қаласы, 2018 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Өнер колледжі – музыкалық эстетикалық бейіндегі дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) жастардың кәсіптік білім алу, кәсіптік даярлау, қайта даярлаудан өту және жұмысшы кадрлардың біліктілігін арттыру қажеттілігін қанағаттандыру үшін мекеменің ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие комерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мекеме Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 172 қаулысына сәйкес құрылды.

3. Мекеме жалпы және орта кәсіптік білім беру жүйесінің бірлігін қамтамасыз ететін (өнер колледжі және колледж жанындағы дарынды балаларға арналған мектеп), мәдениет және өнер мамандықтары бойынша орта техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ, дарынды балаларға арналған мамандырылған оқу бағдарламаларын іске асыратын дарынды балаларға арналған мамандандырылған орта оқу орны болып табылады.

4. Мекеме құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Құрылтайшы) болып табылады.

Құрылтайшының заңды мекенжайы:

150011 Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы,

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

Уәкілетті органның заңды мекенжайы:

150011 Солтүстік Қазақстан облысы,

Петропавл қаласы,

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

6. Мекеменің толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Өнер колледжі – музыкалық эстетикалық бейіндегі дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: коммунальное государственное учреждение «Комплекс «Колледж искусств – специализированная школа-интернат для одаренных детей музыкально-эстетического профиля» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Мекеменің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы,

150000 Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы,
Интернациональная көшесі, 81.

8. Уәкілетті орган мен Мекеме арасындағы өзара қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады және реттеледі.

Құрылтайшы мен Мекеме арасындағы өзара қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады және реттеледі.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

9. Мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

10. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

11. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

12. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді.

13. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Білім беру қызметінің мәні мен мақсаттары

14. Мекеме қызметінің мәні зияткерлік қызметтің әртүрлі салаларында (музыка, кескіндеме, актер және хореография өнері) дарынды балаларды анықтау болып табылады.

15. Мекеме қызметінің мақсаты элитарлы, сондай-ақ, мәдениет және өнер мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білім алу үшін оқыту, шығармашылықты дамыту және қажетті жағдай жасау болып табылады.

16. Мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мамандарды даярлау, жалпы негізгі және мамандандырылған (музыкалық, суретшілік, хореографиялық) білім беру, сондай-ақ, мемлекеттік тапсырысқа сәйкес жүзеге асатын, сонымен қатар шығындарын толық өтейтін топтарда мәдениет және өнер мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру. Оқыту нысандары: күндізгі, кешкі, сырттай, жеке;

2) орта кәсіптік білім беру бағдарламасы мен қысқартылған оқыту мерзімі бойынша мамандарды даярлау;

3) әртүрлі білім деңгейі бар мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру, қысқа мерзімді курстар мен семинарлар өткізу, жұмыспен қамтылмаған халықты қайта оқыту;

4) халық арасында білімді тарату, салауатты өмір салтын насихаттау, азаматтардың білім, мәдени және музыкалық деңгейін, соның ішінде ақылы білім беру қызметін көрсету жолымен арттыру;

5) Мекеме қызметінің бейіні бойынша дарынды балаларды анықтау және қолдау;

6) әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, эксперименттік, сонымен қатар шығармашылық жұмыстар мен зерттеулерді ұйымдастыру және өткізу, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және оқу- тәрбие процесіне енгізу;

7) жарғы мақсатына сәйкес жарнама, басылым, оқу-өндірістік қызметтерді ұйымдастыру;

8) білім алу процесіне қатысушыларға тамақтандыру, медициналық және тұрмыстық қызметтерді көрсетуді ұйымдастыру.

17. Мекеме мынадай функцияларды орындайды:

1) мемлекеттік білім беру стандарттарын ескере отыра, Уәкілетті органмен келісу бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын жасайды, қабылдайды және енгізеді;

2) қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған шекте оқыту мен тәрбиелеудің нысандарын, құралдары мен әдістерін таңдайды.

18. Басшының (бұдан әрі – директор) Мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шарасын қолдануға әкеледі.

19. Мекеме келісімшарттар мен меморандумдар негізінде барлық қызмет салаларында басқа мекемелермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және азаматтармен қарым-қатынас орнатады.

20. Мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не Мекеме директорының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған мәміле Уәкілетті органның немесе Құрылтайшының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мекемені басқару

21. Мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған Уәкілетті орган жүзеге асырады.

22. Уәкілетті орган мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен Мекеме директорын тағайындау және аттестаттау;

2) Мекеме директорының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындау;

3) Мекеменің құрылымы мен штат кестесін бекіту;

4) Мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекіту;

5) Мекеме директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындау және лауазымынан босату;

6) жылдық қаржы есептілікті бекіту;

7) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекіту;

8) Құрылтайшыға Мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін беру;

9) Мекеме қызметінің басым бағыттарын айқындау;

10) Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын, оның ішінде жоспарланған қаржылық көрсеткіштерді, оларды ұсыну тәртібін қарастыру және бекіту;

11) Құрылтайшыға белгіленген мерзімде тиісті есеп беріп, Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын бақылау және талдау;

12) Мекеме мүлкінің мақсатты пайдалануын және сақталуын бақылау жүзеге асыру.

23. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) Мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

24. Уәкілетті орган қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын директор Мекемеге тікелей басшылық етеді. Уәкілетті орган Мекеме директорымен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартын жасау арқылы қарым-қатынас ресімдейді.

25. Мекеме директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

26. Мекеменің директоры Мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Уәкілетті органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және Мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

27. Мекеменің директоры дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және Мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

28. Мекеменің директоры Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда Мекеменің мүддесін білдіреді;

3) шарттар жасасады;

4) сенімхаттар береді;

4) құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие;

5) Мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың басқа да түрлеріне байланысты жоспарларын бекітеді;

6) банк шоттарын ашады;

7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) Мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазалайды;

10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;

11) ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

12) Мекеме қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына жеке жауап береді.

Мекемеде басқару органы болып табылмайтын педагогикалық кеңес құрылады. Педагогикалық кеңестің құрамына директор және оның орынбасарлары, бөлім меңгерушілері, дене тәрбиесі жетекшісі, психолог, кітапхана меңгерушісі және басқа да адамдар кіреді.

5. Білім беру процесін ұйымдастыру

29. Мекеме екі сатылы білім беру бағдарламасын іске асырады:

1) бірінші саты – негізгі жалпы мамандандырылған білім (музыкалық, суретшілік) (оқу мерзімі 8 - 9 жыл);

2) екінші саты – орта кәсіптік білім (оқу мерзімі 3 жыл және 3 жыл 10 ай);

3) оқушылардың және (немесе) олардың ата-аналарының (оларды алмастыратындардың) тілектері бойынша әртүрлі бағыт пен бейінде оқыту енгізілуі мүмкін;

4) Құрылтайшымен келісіп және ата-аналардың (оларды алмастыратындардың) мүдделерін есепке алып, қосымша мамандандырылған пәндер мен мамандықтар меңгерілуі мүмкін.

30. Оқыту тілін (мемлекеттік, орыс және басқа) халық талабы, мемлекеттік тапсырыс және қолда бар мүмкіндіктер бойынша Мекеме айқындайды.

31. Оқу жылы, әдеттегідей, 1 қыркүйек басталып, оқу процесінің кестесіне сәйкес нақты мамандық бойынша аяқталады.

32. Оқу, каникул мерзімдері оқу процесінің оқу жоспары мен кестесіне сәйкес белгіленеді.

33. Оқушылардың білімі, білігі мен дағдылары келесідей бағаланады: 5 (үздік), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз). Баға емтихан нәтижесі немесе пән бойынша оқу жұмысын күнделікті бақылау негізінде курс соңында қойылады.

34. Зертханалық жұмыстар, практика, семинар, дене тәрбиесі сабақтарын, тізбесі оқу жоспарларымен анықталған жеке пәндер сабағын өткізу кезінде оқу топтары саны белгіленген нормаларға сәйкес кіші топтарға бөлінеді.

35. Оқушыларды сыныптан сыныпқа және курстан курсқа көшіру үлгерім бағаласы негізінде Мекеменің педагогикалық кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады. Ағымдағы жылдың оқу жоспарының пәндері бойынша аттестатталмаған оқушылар келесі курсқа көшірілмейді, оларға белгіленген мерзімде академиялық борыштарын жоюға құқық беріледі, сол мерзімде борыштарын жоя алмаған оқушылар Мекемеден шығарылады. Сабақтарды босату, тәртіпті бұзу, бейәдеп қылықтар мен заң бұзушылықтар Мекемеден шығаруға негіз болады.

36. Мекемеде келесі сабақ түрлері белгілінеді: сабақ, дәріс, семинар, теориялық және практикалық жұмыстар, зертханалық және бақылау жұмыстары, оқу практикасы, консультация, курстық жобалау және тағы басқалары.

37. Оқушыларды оқудан шығару, қайта қабылдау және көшіру қолданыстағы ережелер мен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

38. Оқу жоспарында қойылған талаптарды және шарт жағдайларын түгел орындаған оқушы қорытынды мемлекеттік аттестаттауға жіберіледі.

39. Екінші сатыдағы оқитындардың қорытынды аттестаттауға мыналар кіреді:

1) Мекемедегі қорытынды аттестаттау;

2) кәсіптік дайындық деңгейін және біліктілік беруді бағалау.

40. Оқушыларға оқу орнын аяқтағаны туралы құжат оқу жоспарын орындаған жағдайда беріледі.

41. Кешен жанында барлық 3 және 4-курс студенттерінің педагогикалық тәжірибе базасы болатын балалар музыка мектебі жұмыс істейді.

42. Студенттердің кәсіптік тәжірибесі кәсіптік оқу бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және оқу процесі барысында алған білімдерін бекітуге және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

43. Мекеме кәсіптік тәжірибеден өткізу үшін ұйымды тәжірибе базасы ретінде шарт негізінде айқындайды.

6. Мекеменің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынасын ресімдеу тәртібі

44. Мекеменің білім алушылармен, тәрбиеленушілермен, олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынасын ресімдеу тәртібі қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

45. Оқушыларды қабылдау Мекеме жасаған қағида бойынша, нормативтік құқықтық актілерге сәйкес байқау негізінде, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының орта кәсіптік оқу орнына қабылдау қағидасына сай жүзеге асырылады, атап айтқанда:

Мекемеге 6-7 жастан бастап балалар және жасөспірімдер қабылданады. Балалардың қабілеттерін ерте айқындап, дамыту үшін Мекемеде 5, 6, 7 жастағы балалардың дайындық тобы ұйымдастырылуы мүмкін, осы топтарда оқу мерзімі 1-2 жыл;

Мекемеге оқуға түсу үшін директор атына белгіленген үлгіде өтініш беріледі. Өтініш пен құжаттарды қабылдау қағидада белгіленген мерзімде жасалады;

Мекемеге түсушілер түсу емтихандарын тапсырады;

Мекемеге қабылдау емтихандарында неғұрлым жоғары баға алғандар қабылданады. Мскемеге емтиханнан неғұрлым жоғары баға алған үміткерлер ғана қабылданады. Мекемеге оқушыларды қабылдау қабылдау комиссиясының шешімі негізінде директор бұйрығымен іске асырылады.

46. Оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік білім беру стандартына, сонымен қатар мамандықтың, кәсіптің дайындық деңгейіне байланысты оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Оқу тобының санын оқушылар санына сәйкес Мекеме айқындайды.

48. Аралық аттестаттау және үлгерімді ағымдағы бақылау нысаны, тәртібі және кезеңділігін оқу жоспары мен бағдарламалары негізінде Білім беру ұйымдарында оқушыларды аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау, үлгерімін ағымдағы бақылау өткізу қағидасына сәйкес Мекеме әзірлейді және айқындайды.

49. Мекеме типтік оқу жоспарлары негізінде оқу жылына (семестр), тиісті мамандықтар бойынша оқу жұмыс жоспарын, сабақ кестесін, тәжірибелік, бақылау және оқушылардың басқа да жұмыс түрлерінің күнтізбелік кестесін, олардың алдағы дайындығы мен қабілеті есебімен оқушылардың өзге де жұмыс түрлерін (соның ішінде жеке оқыту үшін) әзірлейді және бекітеді.

50. Мекеме әдістемелік жұмысты ұйымдастырады және өткізеді. Әдістемелік жұмыстарды үйлестіруді республикалық, облыстық және колледж

ішілік оқу-әдістеме бірлестігі жүзеге асырады. Сондай-ақ, директор бекіткен жоспарға сәйкес тәрбие жұмысын өткізеді.

7. Мекеме қызметкерлерінің және басқа да білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

51. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес педагог және басқа кадрлар байқау негізінде ілгеріде шартқа отыру арқылы жұмысқа қабылданады.

52. Мекеме қызметкерлері құқылы:

1) кәсіби қызмет ету үшін жағдайлар жасауға;

2) өз қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық көтермелеуге;

3) белгіленген тәртіпте ақпараттық қорлармен, оқу, ғылыми, әлеуметтік-тұрмыстық, сауықтыру және Мекеменің басқа да қызметтерін пайдалануға;

4) балалардың жеке қабілеттеріне толық жауап беретін және мемлекеттік стандарттардың орындалуын қамтамасыз ететін оқу құралдары мен әдістерін таңдауға;

5) қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құқықтар.

53. Мекеме қызметкерлері міндетті:

1) оқу процесінде оқытудың барлық түрлерін қолдануға;

2) оқыту мен тәрбиелеуді жоғары кәсіби деңгейде өткізуге;

3) келешек мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін оқу-өндірістік және басқа да жұмыс түрлеріне оқушыларды белсенді түрде тартуға;

4) оқушылардың намысы мен арын сыйлауға, оларды адамгершілік рухта және заңға бағынуға тәрбиелеуге;

5) педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға;

6) өз кәсіби деңгейін үнемі, соның ішінде бес жылда бір рет біліктілікті арттырудың әртүрлі шараларына қатысу жолымен көтеруге, әдістемелік жұмыстармен жүйелі түрде айналысуға;

7) Мекеме жарғысын және басқа да нормативтік құжаттарды, ішкі тәртіп қағидасын басшылыққа алуға;

8) оқушылармен және абитуриенттермен тәжірибе, оқу сабақтары мен басқа да жұмыстарды өткізу кезінде Мекеме мүлкін сақтауды қамтамасыз етуге, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға;

9) салауатты өмір салтын жүргізуге және оны қызметкерлер мен оқушылар арасында насихаттауға;

10) қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да міндеттерді орындауға.

54. Оқу процесін қамтамасыз ететіндердің ішінен штат қызметкерлерін штаттың қысқаруына немесе белгілі бір себептермен оқу жүктемесінің қысқаруына байланысты жұмыстан босату қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

55. Білім алушы Мекемеде оқу процесінің негізгі субъектісі болып табылады, оның құқығы мен міндеті жарғымен және Мекеменің ішкі тәртіп қағидаларымен анықталады.

56. Мекеменің білім алушылары құқылы:

1) өзін-өзі басқару органдарына сайлауға және сайлануға;

2) Мекеме қызметінің маңызды мәселелерін шешуге қатысуға;

3) Мекеменің үй-жайын және оқу кабинеттерінің жабдықтарын, кітапхана және басқа да бөлімшелерді пайдалануға;

4) оқу жоспары аясында оқыту мамандығын таңдауға;

5) жеке кесте бойынша оқуға, жеке пәндерден жедел емтихан тапсыруға, оқу жоспарынан асыра белгіленген қосымша басқа пәндерге, соның ішінде факультативтік сабақтарға қатысуға;

6) эксперименттік және шығармашылық жұмыстарға белсенді қатысқаны және оқудағы жетістіктері үшін моральдық көтермеленуге және материалдық сыйақы алуға;

7) қолданыстағы медициналық кабинеттен алғашқы (дәрігер қарауына дейінгі) медициналық-санитарлық көмек алуға;

8) Мекеме әкімшілігінің өкімі мен бұйрығына қолданыстағы заңнамада белгіленеген тәртіпте шағымдануға;

9) белгіленеген заңнама тәртібінде мерзімді әскери қызметке шақыртуды кейінге қалдыруға;

10) академиялық демалыс алуға;

11) белгіленген тәртіпте оқуға қайта қабылдануға және басқа оқу орнына ауысуға, бір мамандықтан екіншісіне немесе оқудың бір түрінен басқа түріне көшуге;

12) сонымен қатар, қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған басқа да құқықтарды пайдалануға;

13) Мекеме кеңесінің шешімі бойынша қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқуға.

57. Мекеме білім алушылары міндетті:

1) теорялық білімді, тәжірибелік дағдыларды меңгеруге;

2) оқу жоспары мен оқу бағдарламасымен қарастырылған барлық тапсырма түрлерін белгіленген мерзімде орындауға;

3) ұлттық және жалпы адамгершілік рухани-адамгершілік құндылықтарды, педагог қызметкердің мәртебесі мен беделін құрметтеуге, Мекеме дәстүрін сақтауға;

4) Мекеме мүлкіне ұқыптылықпен қарауға;

5) ішкі тәртіп қағидасын сақтауға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

58. Білім алушыға міндеттерді орындамағаны үшін тәртіптік ықпал ету шарасы қолданылуы мүмкін: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, Мекемеден шығару.

59. Білім алушылар Мекемеден шығарылуы мүмкін:

1) өз қалауы бойынша;

2) дәрігер-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде денсаулық жағдайына байланысты;

3) басқа оқу орнына ауысуына байланысты;

4) академиялық үлгермеушілігіне және сабақты себепсіз босатуына байланысты;

5) оқу тәртібін, Жарғы мен Ішкі тәртіп қағидасын бұзғаны үшін.

60. Білім алушылардың ата-аналары (оларды алмастыратындардың) құқылы:

1) тұратын жеріне қарамастан, балалардың тілектерін, ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін есеп ала отыра, оқу нысанын таңдауға;

2) Мекеменің өзін-өзі басқаруына қатысуға;

3) Мекеме әкімшілігінен өз балаларының оқу үлгерімі, тәртібі мен оқу жағдайы туралы ақпарат алуға.

61. Оқушылардың ата-аналары (оларды алмастыратындардың) міндеті:

1) балалардың өмір сүру мен оқуына, олардың денсаулығына, рухани және дене күшінің дамуына, адамгершілік тұрғыда қалыптасуына қолайлы жағдай жасауға;

2) Мекememен ынтымақтастықты қолдауға, балалардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

3) балалардың кінәсінен Мекеме мүлкіне келген зиян үшін материалдық жауапкершілік алуға.

62. Әлеуметтік серіктестік Мекеме жұмысының нәтижелігін арттыруға бағытталған. Серіктестіктердің өзара іс-әрекеттерінің негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1) кәсіпорынның технологиялық базасын пайдалана отырып, оқушылардың кәсіптік тәжірибесін ұйымдастыру;

2) тараптардың мамандарды дайындау және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу мәселелері бойынша іс-әрекетін дамыту;

3) мәдениет саласында кәсіби қызмет тәжірибесі бар мамандарды оқыту процесіне тарту;

4) түлектерді кәсіптік дайындауға қатысу.

8. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тәртібі

63. Мекеменің ақылы білім беру қызметтері кәсіптік білім алу үшін оқу жоспарынан тыс қосымша сабақтар бойынша шарт негізінде ұсынылады.

64. Мекеме оқушыларына мектептен тыс қосымша білім алу, музыкалық аспаптарды, арнайы оқу әдебиеттерін пайдалану (Мекеме мен оқушылар ата-

аналары арасындағы келісімшарт негізінде), пәндер бойынша жекелеген оқушыларға қосымша сабақтар ұйымдастыру (тәртіптерге, тәртіп циклдеріне жоспардан бөлінген үстеме оқу сағатына), пәндер бойынша оқушылармен ғылым негіздерін терең меңгеруді ұйымдастыру; оқушылар, педагог қызметкерлер мен халық арасында конкурстарды, семинарларды, кеңестерді, конференцияларды ұйымдастырып - өткізу, сонымен қатар оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу және өткізу жөніндегі ақылы білім беру қызметтері көрсетіледі.

65. Ақылы білім беру қызметтерін ұсыну тәртібі құжаттармен ресімделеді. Бұл қызметтерден түскен қаржы, қызмет көрсеткендерге төлем жасауға жұмсалады.

9. Мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

66. Мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған Құрылтайшы берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

67. Мекеменің оған бекітілген мүлікті және смета бойынша бөлінген қаражат есебінен алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

68. Мекеменің қаражат көздері:

1) жергілікті бюджеттен алынған қаражат;

2) жарғылық қызметтің нәтижесінде алынған қаражат;

3) заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде шетел азаматтарының демеушілік көмегі.

69. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен Мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру салаларындағы өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда және өзге де жағдайларда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

70. Мекеме ақылы білім беру және өзге де үй-жайларды, жабдықтарды, келік құралдарын беруге және пайдалануға байланысты және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де ақылы қызметтерді көрсетуге құқылы.

71. Мекеменің қызметі Құрылтайшы бюджетінен қаржыландырады.

72. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

73. Мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Уәкілетті орган жүзеге асырады.

10. Мекемедегі жұмыс тәртібі

74. Мекеме мен қызметкер арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

75. Оқытушылардың жұмыс уақыты негізгі және қосымша сабақ, үйірме, секциялар және т.б. іс-шаралар кестесі бойынша анықталады. Жылдық оқу жүктемесі жаңа оқу жылына тарифтік тізімнің бекітілуі арқылы белгіленіп, педагогтардың бір айлық еңбекақысын айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Сабақ болмаған жұмыс күндері оқытушылар өздігінен даярлау, өз жұмыс орнын жетілдіру, әдістемелік жұмыспен айналысады, студенттердің ата-аналарымен кездеседі.

76. Ауысымдық қызметкерлердің жұмыс уақыты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар шегінде бекітілген кестемен айқындалады.

77. Басқа қызметкерлердің жұмыс уақытының ұзақтығы қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

11. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

78. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

79. Мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

12. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

80. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

81. Мекеме, сондай-ақ заңнамалық актілерде көзделген өзге де негіздер бойынша таратылады.

82. Мекемені қайта ұйымдастыру және таратуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

83. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған Мекеменің мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

84. Мекеме ақшасы, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған Мекеме мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса, жергілікті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Мекеменің филиалдары және өкілдіктері туралы мәліметтер

85. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

14. Қорытынды ережелер

86. Қаржылық-шаруашылық қызметтер және мемлекеттік бақылау талдауын жасау үшін Мекеме өз қызметі нәтижесінің есебін жүзеге асырады, заңнамада белгіленген тәртіпт бухгалтерлік және статистикалық есеп беру жұмысын жүргізеді.

87. Мекеме қызметінің процесінде пайда болатын даулар келіссөз жасау жолымен шешіледі. Даулар келіссөз жолымен шешілмеген жағдайда даулар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіпте шешіледі.

Утвержден
постановлением акимата
Северо-Казахстанской области
от 17 июля 2018 г. № 205

УСТАВ

Коммунального государственного учреждения «Комплекс «Колледж искусств - специализированная школа - интернат для одаренных детей музыкально-эстетического профиля» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»

город Петропавловск 2018 год

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Комплекс «Колледж искусств - специализированная школа - интернат для одаренных детей музыкально-эстетического профиля» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее - Учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для удовлетворения потребности молодежи в профессиональном образовании, профессиональной подготовки, переподготовки и повышения квалификации рабочих кадров.

2. Учреждение создано в соответствии с постановлением акимата Северо-Казахстанской области от 7 июля 2006 № 172.

3. Учреждение является средним специализированным учебным заведением для одаренных детей, обеспечивающее единство системы общего и среднего профессионального образования, (колледж искусств и школа для одаренных детей при колледже) реализующее профессиональные учебные программы среднего технического и профессионального образования по специальностям культуры и искусства, а также специализированные образовательные программы для одаренных детей.

4. Учредителем Учреждения является акимат Северо-Казахстанской области (далее – Учредитель).

Юридический адрес Учредителя:

150011 Северо-Казахстанская область,

город Петропавловск,

улица Конституции Казахстана, 58.

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли является коммунальное государственное учреждение «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области» (далее – Уполномоченный орган).

Юридический адрес Уполномоченного органа:

150011 Северо-Казахстанская область,

город Петропавловск,

улица Конституции Казахстана, 58.

6. Полное наименование Учреждения:

на государственном языке: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Өнер колледжі-музыкалық-эстетикалық бейіндегі дарынды балаларға мамандандырылған мектеп интернат кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

на русском языке: коммунальное государственное учреждение «Комплекс «Колледж искусств - специализированная школа - интернат для одаренных детей музыкально-эстетического профиля» коммунального государственного учреждения «Управления образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Юридический адрес Учрежденииия: Республика Казахстан,

150000 Северо-Казахстанская область,
город Петропавловск,
улица Интернациональная, 81.

